




Сөйлемнің құрылымы



Сөйлем – коммуникативтік
қызметі бар синтаксистік
бірлік. Сөйлем – құрылымдық
үлгісі бар синтаксистік бірлік.

**Сөйлемге тән белгілердің бірі –
интонация.**

**Беретін хабардың мақсатына және
құрылымына қарай сөйлемдер үш топқа
бөлінеді.**

**Хабарлы
сөйлемдер**


**Сұраулы
сөйлемдер**

**Бұйрықты
сөйлемдер**

Хабарлы сөйлем бір нәрсені хабарлау үшін жұмсалып, хабарлау интонациясымен айтылады.

Сұраулы сөйлем бірдеме жайында хабар алу үшін жұмсалып, сұрау интонациясымен айтылады.

Бұйрықты сөйлем біреуге бұйыру немесе тілек-өтініш мақсатында айтылады.



Лепті сөйлем эмоциялы-экспрессивті қасиетке ие болады да, адамның көңіл күйіне байланысты жайларды білдіреді.

**Сөйлемдер өзін құрастырушы сыңарлардың
(компоненттердің) сипатына қарай:**

Жай сөйлем

Жай сөйлем екі не үш
сөз тіркестерінен
жасалады

Құрмалас сөйлем

Құрмалас сөйлем екі
не үш жай сөйлемнен
жасалады

Құрмалас сөйлемдер:

**Салалас
құрмалас
сөйлем**

**Сабақтас
құрмалас
сөйлем**

*Аралас құрмалас
сөйлем*

Салалас құрмалас сөйлем – құрастырушы сыңарлары (жай сөйлемдер) салаласа байланысқан сөйлемді айтамыз.

Сабақтас құрмалас сөйлем – құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісіне бағына байланысқан сөйлемді айтамыз.

Аралас құрмалас сөйлем – құрмаластың құрамындағы үш (не төрт) сөйлемнің бірі екіншісімен салаласа, ал екіншісі үшіншісімен сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемді айтамыз.